Егер сіз тетрациклиндермен (антибиотиктердің бір түрі) емді бір мезгілде қабылдап жүрсеңіз («Басқа дәрілер РЕМУНДЕ» бөлімін қараңыз).

Егер атап келтірілгендердің қандай-да біреуі сізге қатысты болса, РЕМУНДЕ препаратын қабылдамас бұрын дәрігерге жүгініңіз.

Ескертулер және сақтандыру шаралары
РЕМУНДЕ препаратын қабылдамас бұрын өз дәрігеріңізбен немесе фармацевтпен сөйлесіңіз:
Сізде бұрындары психикалық саулығыңызға қатысты қиындықтар болды ма. Бұл депрессияны, озбырлық үрдістерін немесе көңіл-күйдің өзгерістерін қамтиды. Сонымен қатар ол өзіне зиян келтіру немесе өзін-өзі өлтіру туралы ойларды да қамтиды. Бұл, РЕМУНДЕ препаратын қабыладу кезінде сіздің көңіл-күйіңіздің нашарлауы мүмкіндігімен байланысты.

Егер сіз РЕМУНДЕ препаратымен емделу кезінде арқаңыздың төменгі бөлігінің немесе бөксеңіздің үнемі ауырып тұратынын сезінсеңіз, өз дәрігеріңізбен сөйлесіңіз. Бұл симптомдар арқаның қабыну ауыруының бір типі, сакроилеиттің белгілері болуы мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз РЕМУНДЕ емін тоқтатуы және арқаңыздың қабыну ауыруын емдеуі үшін, сізді маманға жолдауы мүмкін. МРТ сияқты көріністеу әдістерін қоса, ары қарай бағалау қажет болуы мүмкін.

Жүктіліктің алдын алу бағдарламасы

Жүкті әйелдер РЕМУНДЕ препаратын қабылдамауы тиіс.

Бұл дәрі жаңа туған нәрестеге елеулі зиянын тигізуі мүмкін (дәрі «тератогенді» болып есептеледі) — ол болашақ нәрестеде мидың, беттің, құлақтың, көздің, жүректің және кейбі бездердің (айырша без және қалқанша бездің) аномалияларын тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, ол түсік тастау ықтималдығын арттырады. Бұл тіпті, егер РЕМУНДЕ жүктілік кезінде тек қысқа уақыт ішінде қабылданса да орын алуы мүмкін.

Егер сіз жүкті болсаңыз немесе жүкті болуым мүмкін деп ойласаңыз, сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдамауға тиіссіз.
Егер сіз бала емізіп жүрсеңіз, сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдамауға тиіссіз. Дәрі ең алдымен, сіздің сүтіңізге өтеді және сіздің сәбиіңізге зиянын тигізуі мүмкін.

Егер сіз емделу кезінде бала көтеруіңіз мүмкін болса, сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдамауға тиіссіз.
Сіз бұл емді тоқтатқаннан кейін бір ай бойы бала көтермеуге тиіссіз, өйткені кейбір дәрілер сіздің денеңізде әлі де қалып қоюы мүмкін.

Бала тууға қабілетті әәелдерге, РЕМУНДЕ препаратын қатаң ережелер бойынша тағайындайды. Бұл болашақ сәбиге елеулі зияны тиюі қаупінің болуымен байланысты.

Ережелер мынадай:
Сіздің дәрігеріңіз әлі туылмаған балаға зияны тиюі қаупі барын түсіндіруі тиіс – сіз өзіңізге неге бала көтеруге болмайтындығын және жүктіліктің алдын алу үшін сіз не істеу керектігіңізді түсінуге тиіссіз.
Сіз өз дәрігеріңізбен контрацепция (ұрықтануға қарсы дәрілер) туралы сөйлесуге тиіссіз. Дәрігер сізге қалай бала көтермеуге болатындығы туралы ақпарат береді. Дәрігер сізді контрацепция бойынша кеңес алу үшін маманға жолдауы мүмкін.

Сіз емделуді бастамас бұрын, сіздің дәрігеріңіз сізден жүктіліктің бар-жоғын анықтауға арналған тест жасауыңызды өтінеді. Тест сіздің РЕМУНДЕ емін бастап жатқан кезде жүкті емес екендігіңізді көрсетуі тиіс.

Әйелдер РЕМУНДЕ препаратын қабылдағанға дейін, қабылдау кезінде және қабылдаудан кейін контрацепцияның тиімді құралдарын пайдалануы тиіс.

Сіз контрацепцияның кемінде бір, өте сенімді әдісін (мысалы, жатырішілік спираль немесе ұрықтануға қарсы имплантат) немесе әр түрлі әсер беретін екі тиімді әдісі (мысалы, ұрықтануға қарсы гормональді таблеткалар және мүшекап) пайдалануға келісуге тиіссіз. Сізге қандай әдістердің қолайлы болатындығын дәрігермен талқылаңыз.
Сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдар алдында, емделу кезінде және одан кейін бір ай бойы контрацепция құралдарын пайдалануға тиіссіз.
Егер сізде етеккір болмаса да,немесе сіз жыныстық қатынастарда болмасаңыз да, (егер тек сіздің дәрігеріңіз, сіздің жағдайыңызда бұл қажет емес деп шешпесе) Сіз ұрықтануға қарсы дәрілерді пайдалануға тиіссіз.

Әйелдер РЕМУНДЕ препаратын қабылдағанға дейін, қабылдау кезінде және қабылдағаннан кейін жүктілікті анықтауға арналған тест жасауы тиіс.

Сіз бақылау мақсатында жүйелі түрде, дұрысы ай сайын, қабылдауға келіп тұруға келісуге тиіссіз.
Сіз емделу кезінде жүктіліктің бар-жоғын анықтау үшін жүйелі түрде, дұрысы ай сайын тест жасап отыруға тиіссіз (егер тек дәрігер, сіздің жағдайыңызда бұл қажет емес деп шешпесе), өйткені, РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатқаннан кейінгі 1 ай ішінде дәрінің қандай-да бір мөлшері сіздің организміңізде әлі де қалып қоюы мүмкін.
Егер сіздің дәрігеріңіз сізден ол туралы өтінсе, Сіз жүктілікті анықтау үшін қосымша тестілер жүргізуге келісуге тиіссіз.
Сіз емделу кезінде немесе одан кейін бір ай бойы бала көтермеуге тиімсіз, өйткені, кейбір дәрілер сіздің организміңізде әлі де қалып қоюы мүмкін.
Сіздің дәрігеріңіз бақылау тізімін пайдаланып, сізбен осы мәселелердің барлығын талқылайды, және сізден (немесе ата-анаңыздан/қамқоршыңыздан) оған қол қоюды

өтінеді. Бұл форма сіздің қауіптер туралы құлағдар болғандығыңызды және сіздің жоғарыда келтірілген ережелерді сақтау керектігіңізді растайды.

Егер сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдап жүрген кезде бала көтерсеңіз, дереу қабылдауды тоқтатыңыз прекратите және дәрігерге жүгініңіз. Сіздің дәрігеріңіз сізді маманнан кеңес алуға жолдауы мүмкін.

Бұдан өзге, егер сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатқаннан кейінгі бір ай ішінде бала көтерсеңіз, сізге дәрігерге жүгіну керек. Сіздің дәрігеріңіз сізді маманнан кеңес алуға жолдауы мүмкін.

Сіздің дәрігеріңіз РЕМУНДЕ препаратын пайдалануышылар үшін жүктіліктің алдын алу туралы ақпаратты жазып берсе, оны сізге беру керек.

Ары қарай емдеу үшін, жаңа рецепт қажет. Әрбір рецепт тек 7 күн бойы жарамды.

Ерлерге арналған нұсқаулар
РЕМУНДЕ препаратын қабылдап жүрген ерлердің шәуһетіндегі пероральді ретиноидтардың деңгейлері, олардың жыныстық серіктестерінің әлі туылмаған сәбиіне зиян келтіретін деңгейден тым төмен болады. Дегенмен, сіз өз дәріңізді ешқашан біреумен бөліспеуге тиіссіз.

Қосымша сақтандыру шаралары

Сіз бұл дәрілік затты ешқашан басқа адамға бермеуге тиіссіз. Емдеу аяқталғанда кез келген пайдаланылмаған капсуланы өз фармацевтіңізге апарып беруіңізді өтінеміз.

Сіз осы дәрімен емделу кезінде және РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатқаннан кейін 1 ай бойы қан тапсырмауға тиіссіз.

Психикалық саулыққа қатысты қиындықтар
Сіз өзіңіздің көңіл-күйіңіз бен мінез-құлқыңыздағы кейбір өзгерістерді байқамауыңыз мүмкін, сондықтан, өзіңіздің осы дәріні қабылдап жүргеніңізді өз достарыңызға және отбасыңызға айту өте маңызды. Олар аталған өзгерістерді байқауы және сізге дәрігермен сөйлесу керек болатын кез келген қиындықтарды жылдам анықтауға көмектесуі мүмкін.

Барлық пациенттерге арналған нұсқаулар
Егер сізде бұрындары қандай-да бір психикалық ауру (депрессияны, суицидтік мінез-құлықты немесе психозды қоса) болған болса немесе егер сіз аталған жай-күйлердің кез келгеніне қарсы дәрілерді қабылдап жүрсеңіз, өз дәрігеріңізге айтыңыз.
РЕМУНДЕ препаратын қолданғанда терінің ауыр реакциялары (мысалы, көп формалы эритема (КЭ), Стивенс-Джонсон синдромы (СДС) және уытты эпидермалық некролиз (УЭН)) туралы хабарланды. Бөртпе ауқымды күлбіреуіктерге немесе терінің қабыршықтануына дейін үдеуі мүмкін. Сонымен қатар сіз ауызда, тамақта, мұрында, жыныс мүшелерінде ойық жаралар және конъюнктивит (көздің қызаруы және ісінуі) пайда болған-болмағандығын бақылауға тиіссіз.
Сирек жағдайларда РЕМУНДЕ препараты ауыр аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін, олардың кейбіреулері экзема, есекжем және қанталаулар немесе қол мен аяқтағы қызыл дақтар түрінде теріні зақымдауы мүмкін. Аллергиялық реакция пайда

болған жағдайда, РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатып, шұғыл түрде дәрігерге жүгініңіз және оған осы дәріні қабылдап жүргеніңізді айтыңыз.
Қарқынды жаттығулар мен дене белсенділігін азайтыңыз. РЕМУНДЕ препараты, әсіресе, белсенді дене жаттығуларымен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдерде бұлшықеттер мен буындардың ауыруын тудыруы мүмкін.
Егер РЕМУНДЕ препаратын қолдану ішектің қабыну ауруымен байланыстырылса, егер сізде анамнездегі қандай-да бір асқазан-ішек бұзылыстарынсыз ауыр, қан аралас диарея болса.
РЕМУНДЕ препараты көздің құрғауын, жанаспалы линзалардың жақпаушылығын және түнде көрудің нашарлауын қоса, көздің құрғауы кезіндегі, емдеуді тоқтатқаннан кейін басылмайтын, көру қабілетіндегі қиындықтарды тудыруы мүмкін. Егер сізде аталған симптомдардың қандай-да біреуі болса, өз дәрігеріңізге айтыңыз. Сіздің дәрігеріңіз сізден көзге арналған майлағыш жақпамайды пайдалануыңызды өтінуі мүмкін. Егер сіз жанаспалы линзаларды пайдаланып жүрсеңіз және сізде жанаспалы линзалардың жақпаушылығы дамыса, сізге емделу кезінде көзілдірік тағуды ұсынуы мүмкін. Егер сізде көру қабілетіңізде қиындықтар туындаса, Сіздің дәрігеріңіз сізді маманнан кеңес алуға жолдауы мүмкін, және сізден РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатуыңызды өтінуі мүмкін.
РЕМУНДЕ препаратын тетрациклиндермен (антибиотиктің бір түрі) бір мезгілде қолданғанда сізде бас ауыруы, жүрек айнуы, құсу және көрудің бұзылулары сияқты симптомдар пайда болуы мүмкін, сондықтан бір мезгілде қолданбаңыз. РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және шұғыл түрде дәрігерге жүгініңіз.
РЕМУНДЕ препараты бауыр ферменттерінің деңгейін жоғарылатуы мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз олардың деңгейлерін тексеру үшін, РЕМУНДЕ еміне дейін, емдеу кезінде және емдеуден кейін қан талдауларын жүргізеді. Егер олар жоғары күйінде қалса, сіздің дәрігеріңіз РЕМУНДЕ препаратының дозасын төмендетуі немесе тоқтатуы мүмкін.
РЕМУНДЕ препараты әдетте, қандағы холестерин немесе триглицеридтер сияқты майлардың деңгейін арттырады. Сіздің дәрігеріңіз РЕМУНДЕ емі кезінде және емдеуден кейін олардың деңгейлерін тексереді. Сізге алкогольдік сусындарды пайдаланбаған дұрыс немесе, тым болмағанда, сіз әдетте емделу кезінде ішіп жүрген мөлшерін азайтқан дұрыс. Егер сізде қандағы майлар деңгейі бұрыннан жоғары, диабет (қандағы қант деңгейінің жоғарылығы), артық салмақ немесе маскүнемдік бар болса, өз дәрігеріңізге айтыңыз. Сізге қан талдауларын жиірек жасау қажет болуы мүмкін. Егер қандағы майлардың деңгейі жоғары күйінде қалса, дәрігер РЕМУНДЕ препаратының дозасын төмендетуі немесе тоқтатуы мүмкін.
Егер сізде бүйрекке қатысты қиындықтар болса, өз дәрігеріңізге айтыңыз. Сіздің дәрігеріңіз РЕМУНДЕ препаратының төменірек дозасынан бастауы, содан соң оны еңжоғарғы жағымды дозасына дейін арттыруы мүмкін.
РЕМУНДЕ қандағы қант деңгейін жоғарылатуы мүмкін. Сирек жағдайларда адамдар диабетке ұшырайды. Сіздің дәрігеріңіз емдеу кезінде, әсіресе, егер сізде бұрыннан диабет, артық салмақ немесе маскүнемдік бар болса, қандағы қант деңгейін бақылап отыруы мүмкін.
Сіздің теріңіз құрғап кетуі мүмкін. Емделу кезінде теріге арналған ылғалдандыратын жақпамай немесе кремді және ерінге арналған бальзамды пайдаланыңыз. Терінің тітіркенуін болдырмас үшін, сізге қабыршықтандыратын заттарды немесе безеулерге қарсы өнімдерді пайдаланбаған дұрыс.
Күнге көп шықпаңыз және солярий пайдаланбаңыз. Сіздің теріңіз күн сәулесіне сезімтал болуы мүмкін. Күн көзіне шығар алдында күннен қорғайтын, қорғаныс факторы жоғары (SPF 15 немесе одан жоғары) өнімді пайдаланыңыз.

Теріге арналған ешқандай косметикалық емшараларды жасамаңыз. РЕМУНДЕ сіздің теріңізді анағұрлым жараланғыш етіп жіберуі мүмкін.
Емделу кезінде немесе емдеуден кейін кемінде 6 ай бойы балауызбен эпиляция (түктерді алу), дермабразия немесе лазерлік ем (мүйізгектенген теріні немесе тыртықтарды кетіру) жасамаңыз. Олар терінің тыртықтануын, тітіркенуін немесе, сирек жағдайларда, тері түсінің өзгеруін тудыруы мүмкін.

Балалар мен жасөспірімдер
РЕМУНДЕ препаратын 12 жасқа дейінгі балаларда қолдану ұсынылмайды. Өйткені, оның аталған жас тобында қауіпті-қауіпсіз немесе тиімді-тиімсіз екендігі белгісіз.
РЕМУНДЕ препаратын препубертаттық кезеңдегі, сондай-ақ, 12 жасқа дейінгі балалардағы акнені емдеу үшін қолданбау керек.
Басқа дәрілер және РЕМУНДЕ
Егер сіз өсімдіктерден алынған және рецептісіз босатылатын препараттарды қоса, қандай-да бір басқа дәрілерді қабылдап жүрсеңіз, жақында қабылдаған болсаңыз немесе қабылдайтын болсаңыз, өз дәрігеріңізе немесе фармацевтке айтыңыз.

Сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдап жүрген кезіңізде А дәрумені қосылған тағамдық қоспаларды немесе тетрациклиндерді (антибиотиктердің бір түрі) қабылдамаңыз және акнені емдеуге арналған қандай-да бір дәрілерді пайдаланбаңыз. Ылғалдандыратын және жұмсартатын заттарды (теріге арналған кремдер немесе су жоғалтылуының алдын алатын, және теріге жұмсартатын әсер беретін препараттар) пайдаланған дұрыс.
РЕМУНДЕ препаратын қабылдап жүрген кезіңізде жергілікті кератолитикалық немесе безеулерге қарсы қабыршықтандыратын дәрілерді пайдаланбаңыз.
РЕМУНДЕ препаратының құрамында соя майы бар.
Егер сізде жержаңғаққа немесе сояға аллергия болса, бұл дәріні пайдаланбаңыз.

Жүктілік және бала емізу
Егер сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүкті болуым мүмкін деп ойласаңыз, немесе балалы болуды жоспарлап жүрсеңіз, бұл дәріні қабылдамас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.
Контрацепция, жүктілік және бала емізу туралы қосымша ақпаратты 2 «Жүктіліктің алдын алу бағдарламасы» бөлімінен қараңыз.

3. РЕМУНДЕ препаратын қалай қабылдау керек

РЕМУНДЕ препаратын әрдайым сізге дәл дәрігер айтқандай қабылдаңыз. Егер сіз сенімсіз болсаңыз, өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

Капсулаларды тәулігіне бір немесе екі рет, тамақтану кезінде қабылдау керек.

Ересектер және егде жастағы пациенттер
РЕМУНДЕ препаратының бастапқы дозасы - тәулігіне 0.4 мг/кг, кей жағдайларда кг дене салмағына тәулігіне 0.8 мг дейін.
РЕМУНДЕ препаратының емдік тиімділігі және оның жағымсыз әсерлері дозасына тәуелді және түрлі науқастарда ауытқып отырады. Сондықтан, дозасын емдеу барысында жекелей таңдау маңызды.
Оңтайлы курстық кумулятивтік дозасы – 120-150 мг/кг. Сондықтан, әр науқаста емдеу ұзақтығы тәуліктік дозасына тәуелді. Акненің толық ремиссиясына көбінесе, 16-24 апта емдеу кезеңі ішінде қол жеткізіледі.

Науқастардың көпшілігінде акне бір реттік емдеу курсынан кейін толықтай жоғалып кетеді. Айқын қайталануы кезінде РЕМУНДЕ препаратымен емдеу курсын дәл алғашқысы сияқты тәуліктік және кумулятивтік дозасында қайталау көрсетілген. Жақсару препаратты тоқтатқаннан кейінгі 8 аптаға дейін кешеуілдеген сипатта болуы мүмкін болғандықтан, қайталанатын курсты аталған мерзім аяқталғаннан ерте тағайындамау керек.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер
Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде емдеу төмен (мысалы, күніне 8 мг) дозасынан басталуы тиіс. Содан соң дозасы күніне 0,8 мг/кг дейін немесе ең жоғары жағымды дозасына дейін арттырылуы тиіс.

Ұсынылған дозасының жағымдылығы нашар пациенттер
Ұсынылған дозасының жағымдылығы нашар болған жағдайда, емдеуді азғантай тәуліктік дозасында, бірақ ұзағырақ жалғастыруға болады. Емдеу ұзақтығының арттырылуы қайталануы қаупінің артуына алып келуі мүмкін. Ондай пациенттерде мүмкіндігінше ең жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін, емдеу ең жоғары жағымды дозасында әдеттегі уақыт кезеңі бойына жалғастырылуы тиіс.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіруі үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну ұсынылады
Егер сізде бүйрекке қатысты елеулі қиындықтар болса, сіз әдетте, төменірек дозасынан (мысалы, күніне 10 мг) бастайсыз, содан соң оны сіздің денеңіз көтере алуы мүмкін ең жоғарғы дозасына дейін арттырады. Егер сіздің денеңізге ұсынылған дозасы жақпаса, сізге төменірек дозасы тағайындалуы мүмкін: бұл сіздің ұзағырақ емделетіндігіңізді білдіруі мүмкін, және сізде безеулердің қайтадан шығуының ықтималдығы зор.

Егер Сіз РЕМУНДЕ препаратын әдеттегісінен көбірек қабылдап қойсаңыз
Егер Сіз қандай-да бір себеппен РЕМУНДЕ препаратын қажеттісінен көп қабылдап қойсаңыз, Сізде жағымсыз әсерлердің белілері мен симптомдары туындауы мүмкін.
Егер Сіз капсулаларды Өзіңізге тағайындалғанынан көп қабылдап қойсаңыз, дереу емдеуші дәрігеріңізге немесе жергілікті кезекші медициналық мекемеге жүгініңіз. Сіздің қандай дәрі қабылдағаныңызды түсінуге мүмкіндік болуы үшін, қаптамасын өзіңізбен алып баруды ұмытпаңыз.

Егер Сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз
Егер Сіз дозасын қабылдауды өткізіп алсаңыз, келесі дозасын қабылдау уақыты басталғанша күте тұрыңыз, және Өзіңіздің келесі капсулаңызды әдеттегі режимде қабылдаңыз.
Өткізіп алған дозасын қабылдаудың орнын толтыру үшін ЕКІ ЕСЕ ДОЗАСЫН ҚАБЫЛДАМАҢЫЗ.

Егер Сіз РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз
Сізге РЕМУНДЕ препаратын қабылдауды тек, егер Сіз өзіңізде шұғыл медициналық көмек көрсетуді қажет ететін жағымсыз әсерлерді (4 бөлімін қараңыз) байқасаңыз ғана, немесе егер Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Сізге сондай нұсқау берсе ғана тоқтату керек.
Егер Сізде осы дәрілік затты қолдану жөнінде қандай-да бір қосымша сұрақтар туындаса, оларға қатысты Өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, бұл препарат жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, алайда олар барлығында бірдей туындай бермейді.
Изотретиноинмен емдеу кезінде анағұрлым жиі байқалған жағымсыз реакциялар: терінің, шырышты қабықтардың,соның ішінде. еріннің (хейлит), мұрын қуысының (мұрыннан қан кетулер) және көздің құрғауы (конъюнктивит) болып табылады.
Жағымсыз реакциялардың көпшілігін дозасын азайту немесе емдеуді тоқтату арқылы басуға болады, алайда, кейбіреулері емдеу тоқтатылғаннан кейін де сақталуы мүмкін.
РЕМУНДЕ препаратының жағымсыз әсерлерінің көпшілігі дозасына тәуелді. Әдетте, жағымсыз әсерлер дозасын түзеткеннен немесе препаратты тоқтатқаннан кейін қайтымды сипатқа ие болады, бірақ кейбіреулері емдеу тоқтатылғаннан кейін де сақталуы мүмкін.

Өте жиі (10 адамның 1-еуінен көбінде болуы мүмкін)
- анемия, эритроциттердің шөгу жылдамдығының артуы, тромбоцитопения, тромбоцитоз
- блефарит, конъюнктивит, көздің шырышты қабығының құрғауы, көздің тітіркенуі
- трансаминазалардың жоғарылауы
- хейлит, дерматит, терінің құрғауы, ошақталған қабыршықтану, қышыну, эритемалық бөртпе, терінің тез жарақаттанғыштығы (үйкелген кездегі зақымданулар қаупі)
- артралгия, миалгия, арқаның ауыруы (әсіресе, балалар мен жасөспірімдерде)
- гипертриглицеридемия, тығыздығы жоғары липопротеиндер концентрациясының төмендеуі

Жиі (туындауы 10 адамның 1-еуінен аспауы мүмкін)
- нейтропения
- бас ауыруы
- мұрыннан қан кету, мұрынның шырышты қабығының құрғауы, ринофарингит
- гиперхолестеринемия, гипергликемия, гематурия, протеинурия

Сирек (туындауы 1000 адамның 1-еуінен аспауы мүмкін)
- терінің аллергиялық реакциялары, анафилаксиялық реакциялар, аса жоғары сезімталдық
- депрессия, депрессияның ушығуы, озбырлық үрдістері, үрейлену, көңіл-күйдің құбылмалылығы
- алопеция

Өте сирек (туындауы 10 000 адамның 1-еуінен аспауы мүмкін)
- грамоң қоздырғыштардан туындаған бактериялық инфекциялар (тері-шырышты қабықтағы)
- лимфаденопатия
- қант диабеті, гиперурикемия
- мінез-құлық бұзылысы, психоз, суицидтік ойлар, өзін-өзі өлтіруге әрекеттенулер, өзін-өзі өлтіру
- ұйқышылдық, қатерсіз бассүйекішілік гипертензия, құрысулар, бас айналуы
- көрудің бұзылулары, көру өткірлігінің бұзылуы, катаракта, түстерді ажыратудың бұзылуы (препаратты тоқтатқаннан кейін басылады), жанаспалы линзалардың жақпаушылығы, мөлдір қабықтың бұлыңғырлануы, қараңғылыққа бейімделудің

бұзылуы (қараңғыда көру өткірлігінің төмендеуі), кератит, көру жүйкесі дискісінің үзілуі (қатерсіз бассүйекішілік гипертензияның белгісі ретінде), фотофобия
- есту өткірлігінің бұзылуы
- васкулиттер (гранулематоз Вегенера, аллергический васкулит)
- бронх түйілуі (әсіресе, демікпесі бар пациенттерде), сырылдау
- колит, илеит, тамақтың құрғауы, асқазан-ішектен қан кету, геморрагиялық диарея және ішектің қабыну аурулары, жүрек айнуы, панкреатит
- гепатит
- акненің фульминантты (қауырт) түрлері, акненің өршуі (акне таралуы), эритема (беттегі), экзантема, шаш текстурасының аномалиялары, гирсутизм, ониходистрофия, паронихия, фотосенсибилизация, пиогенді гранулема, терінің гиперпигментациясы, тершеңдік
- артрит, кальциноз (байламдар мен сіңірлердің кальцификациясы), эпифиздің өсу аймағының мерзімінен бұрын тұйықталуы, экзостоз (гиперостоз), сүйек тіні тығыздығының төмендеуі, тендинит, рабдомиолиз
- гломерулонефрит
- грануляциялық тіннің ұлғаюының күшеюі, дімкәстану
- қан сарысуындағы креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы

Жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес)
- мультиформалы эритема
- Стивенс-Джонсон синдромы
- Лайелл синдромы (уытты эпидермалық некролиз)
- эректильді дисфункцияны және либидо төмендеуін қоса, сексуалдық дисфункция, гинекомастия, вульвовагиналық құрғақтық
- сакроилеит, қабыну ауыруының арқадағы, бөксенің немесе арқаның төменгі бөлігінің ауыруын тудыратын типі
- несеп шығару өзегінің қабынуы, уретраның қабынуы

Көлік құралдарын басқарі және механизмдермен жұмыс істеу

РЕМУНДЕ препаратын қолданғанда, емделу кезінде түнгі уақытта сіздің көзіңіз онша жақсы көрмеуі мүмкін. Бұл кенеттен орын алуы мүмкін. Сирек жағдайларда бұл емдеу тоқтатылғаннан кейін де жалғаса берген. Ұйқышылдық пен бас айналуы туралы өте сирек хабарланған. Егер сізде ондай жағдай орын алса, сіз машина жүргізбеуге немесе механизмдермен жұмыс істемеуге тиіссіз.

РУЛЬГЕ ОТЫРМАҢЫЗ ЖӘНЕ АСПАПТАРМЕН ЖӘНЕ МЕХАНИЗМДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕМЕҢІЗ және ол туралы емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне айтыңыз.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай-да бір жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Бұл нұсқау болуы мүмкін кез келген, соның ішінде, қосымша парақта атап келтірілмеген жағымсыз реакцияларға қатысты. Сонымен қатар Сіз жағымсыз реакциялар туралы, Еуразия экономикалық одағына мүше елдің аумағында анықталған, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына хабарлай аласыз.

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қ., А. Иманов к-сі, 13
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
Телефон: +7 (7172) 235-135
Электронды пошта: farm@dari.kz
http://www.ndda.kz

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек мәлімет алуға көмектесесіз.

5. РЕМУНДЕ препаратын сақтауы

Препаратты балаларға көрінбейтін және қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
Препаратты қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолданбаңыз.
Жарамдылық мерзімінің өтетін күні айдың соңғы күні болып табылады
Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Егер сіз көзге көрінетін жарамсыздық белгілерін (мысалы, блистер бүтіндігінің бұзылғанын) байқасаңыз, препаратты қолданбаңыз.

Препаратты кәріз құбырына тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен, енді қажет болмайтын препараттардан қалай құтылу керектігін анықтап сұрап алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.
Препаратты балаларға көрінбейтін және қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

РЕМУНДЕ препаратының құрамында

Әсер етуші заты изотретиноин. Әр капсуланың құрамында 10 немесе 20 мг изотретиноин бар.
Басқа да қосымша заттары: тазартылған соя майы, араның сары балауызы, сутектендірілген соя майы, ішінара сутектендірілген соя майы
Капсуланың құрамы: желатин, глицерин 99.5 %, титанның қостотығы Е171, темірдің қызыл тотығы Е172, темірдің сары тотығы Е172

РЕМУНДЕ препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Препараттың сыртқы түрі және сипаттамасы:
Қызыл-қызғылт сары түсті, өлшемі №3, сопақша пішінді, жұмсақ желатинді капсулалар (10 мг доза үшін).
Қызыл-қызғылт сары түсті, өлшемі №6, сопақша пішінді, жұмсақ желатинді капсулалар (20 мг доза үшін).
Капсулалардың ішіндегісі – қызғылт сары-сары суспензия

Қаптамасы:
ПВХ/ПВДХ үлбір мен алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға 10 капсуладан салынған.
Пішінді ұяшықты 3 қаптама медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшаға салынады.

Медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі бекітілген нұсқаулықтағы ақпараттың қорапшаға жазылуына жол беріледі.
Дәрілік препарат салынған қорапшаларды картоннан жасалған қораптарға салады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы және өндіруші
Рекордати Илач Сан.ве Тидж.А.Ш, (Recordati İlaç San. ve Tic. A.Ş.)
Заңды мекенжайы: Ататүрк көшесі № 36 Капакли, Текирдаг, Түркия
Телефон: +90 282 999 16 00 Факс: +90 282 999 16 61
электрондық пошта мекенжайы recordati@recordati.com.tr

Сауда маркасы мен өнімді ұстаушы: Орнадо Медицин ЖШС, Лондон, Ұлыбритания

Өндірістік алаң:
Биофарма Илач Сан.ве.Тидж.А.Ш.,Стамбул, Түркия
Тұтынушылардың барлық шағымдарын тіркеу куәлігін ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына жолдау керек:

Қазақстан Республикасы
«Новатор Фарма» ЖШС. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Масаншы к-с 23/10.
Ұялы тел: +7 778 009 07 55, жұмыс тел: + 7 727 978 6077. novatorpharma2@bk.ru

Қосымша парақ қайта қаралды

Басқа да ақпарат көздері
Препарат туралы егжей-тегжейлі мәліметтер Одақтың веб-сайтында берілген.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ
(на 11 листах)
ПАРАҚ / ЛИСТОВ